



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 21 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2013 жылғы 7 маусым

*«Әлемнің әйгілі мешіттері» монеталар сериясынан  
«Baiturrahman» ескерткіш алтын монетасын  
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 7 маусымнан бастап «Әлемнің әйгілі мешіттері» монеталар сериясынан номиналдық құны 500 теңгелік «proof» сапалы «Baiturrahman» ескерткіш алтын монетасын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Baiturrahman» алтын монетасының бет жағында (аверсінде) ортасында Исламның қасиетті орындарына кіреберісті білдіретін стильдендірілген арканың бейнесінен, геральдикалық шиыршықтан және монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген жазудан тұратын композиция бейнеленген. Номинал цифрларының оң жағында монета дайындалған металдың сынамын білдіретін «Au 999» деген жазу орналасқан. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі, соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі және шығыңқы жиек бар.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) ортасында БАЙТУРРАХМАН мешітінің бейнесі орналасқан. Монетаның жоғарғы бөлігінде ағылшын тілінде «BAITURRAHMAN» деген жазу бар. Айналысқа шығыңқы жиек бар.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета 999 сынамды алтыннан жасалған, массасы 3,11 грамм, диаметрі – 16 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 3 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш алтын монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі**

Baiturrahman мешіті Индонезияның (Суматра аралының солтүстігінде) Банда-Ачех қаласының орталығында Ачех провинциясында орналасқан. Провинцияның тұрғындары

үшін мешіттің дін мен мәдениет нышаны ретінде символикалық мәні зор, оның үстіне ол 2004 жылғы жойқын цунамиден аман қалды.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласындағы мекенжайы: Панфилов көшесі, 98. Анықтама телефоны +7 (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39  
E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)*